

**2022 жылдың ақпан айының 1-ші онкүндігіне
қысқаша агрометеорологиялық шолу**

Ақпанның бірінші онкүндігінде республиканың оңтүстігінің және оңтүстік-шығысының күздік дәнді дақылдар себілген аудандарында температуралық фон көбінесе нормадан 1...3°C жоғары, таулы және тау бөктеріндегі аудандарда нормадан 1...2°C төмен болған, жауын-шашын нормадан жоғары және төмен жауған, батыста температура нормадан 7...8°C жоғары және шамалы жауын-шашын байқалған. 1 күннен 7 күнге дейін байқалған қарқынды жылымық оңтүстік аймақтарда күздік бидайдың әлсіз дамыған егістіктерінің қысқа төзімді болуына әсер етуі мүмкін. Жауын-шашын топырақта ылғал қорының қалыптасуын біршама жақсартқан, биіктігі 15 см дейінгі қар жамылғысы ауа температурасының төмендеуі кезінде күздік дақылдардың қыстауына қолайлы болады.

Батыс Қазақстан облысында күздік дәнді дақылдар өсірілетін аудандарда қар жамылғысының биіктігі 27-29 см дейін жеткен, бұл күздік дақылдардың қыстап шығуына қанағаттанарлық жағдай тудыруда.

Еліміздің оңтүстігінде және оңтүстік-шығысында күздік бидайдың түптену тереңдігіндегі топырақтың минималды температурасы шамамен минус 1...6°C ауытқыған.

Өткен онкүндік ішінде мал шаруашылығы жайылымдары аймағында орын алған қатты жел, бұрқасын, мұз қабығы, көктайғақ және сабақтардың мұздануы жануарлардың тіршілігі мен жайылатын мал басы үшін үлкен қауіп төндіретін құбылыс болды.

2022 жылғы ақпанның бірінші онкүндігінде мал жаю үшін қиындық тудырған қолайсыз метеорологиялық құбылыстардың салдарынан **жайылмаған күндер саны** Ақтөбе облысында 6 күнді (Нұра станциясы), Жамбыл облысында 6 күнді (Мойынқұм станциясы) және 7 күнді (Ұланбел станциясы) құраған. Нұра станциясында 23 см биіктіктегі қырау, сондай-ақ жайылымдардағы көктайғақ мал жаюға кедергі келтірген және мұз қабатының астында қалған шөпті малдың жеуі мүмкін болмаған.

Қарағанды облысының Ақтоғай ауданында (Бектауата станциясы) **мал жаю жағдайы қиындаған күндердің саны** (мал жаю толық емес күндер) 1 тәулікті құраған. Тәулік бойы қырау түсіп, боран соғуы мал жаюды тоқтатқан.

Қатты бұрқасын немесе қатты жаяу бұрқасын болған күндердің саны Батыс Қазақстан облысында 1 тәулікті, Қарағанды облысында 2 тәулікті, Қостанай облысында 5 тәулікті құраған.

Ұсақ малдардың тұяғы бұза алмайтын, қалың **мұз қабыршығы** Атырау, Қарағанды облыстарының кей жерлерінде және Батыс Қазақстан облысының барлық жерінде байқалған.

Малдың жүруіне қиындық келтіріп, шөп мұз қабатының астында қалған **көктайғақ құбылыстары** Ақтөбе облысына 10 тәулік бойы, Атырау облысында 3 тәулік бойы, Батыс Қазақстан облысында 1 тәулік бойы байқалған.

Қойларды жаюды қиындатқан **қырау, шөп сабақтарының мұздануы** жайылымдық мал шаруашылығының барлық аумағында байқалған.